

Мемлекеттік тіл-менің тілім

12 қыркүйек күні «Сөз - жанның тілі, ән-жүректің мұңы, тіл - рухтың үні» тақырыбында жоғары сынып білім алушыларымен дөңгелек үстел болып өтті. Дөңгелек үстелді өткізген қазақ тілі пәні мұғалімі Даутова Гүлмира.

15 қыркүйек күні «Ана тілім-айбыным» тақырыбында 5-6 сынып білім алушылары арасында мәнерлеп оқудан сайыс болып өтті.



18 қыркүйек күні «Мемлекеттік тіл - мәңгілік елдің мәңгілік тілі» тақырыбында конференция болып өтті. Конференцияны ұйымдастырушы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Спанова Ақгүл Спанқызы қазақ тілі мәртебесі туралы баяндама оқып, талқыланды.



19 қыркүйек күні орыс тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Если дружат люди-дружат языки» тақырыбында мерекелік шара өткізіліп, өлеңдер оқылды, ән, күйлер орындалды.






20 қыркүйек күні «Мемлекеттік тілдер» мерекесіне орай «Қазақстан латын әліпбиіне көшуі тиіс (тіс емес)» тақырыбындағы гимназияшілік дебаттық турнир өтті. Дебат барысында ойыншылар қызу пікір талас жасады, ойынды қызықты етіп көрсетет білді, Жалын тобының спикерлері ойынға дайындықтары жоғары деңгейде, турнирге тақырыпқа байланысты гимназияда жоғары сынып білім алушыларының арасында зерттеу жұмыстарын жүргізген. Оның қорытындыларымен таныстырды. Үшінші спикері ойынды қорытындылап, қарсы топтың ойыншыларын тойтарыс жасай білді. Ал «Наркескен» тобының ойыншыларына келетін болса, I спикері Утегулова С. Өз сөзін сөйлеуде ақын, жазушылардың өлең жолдарын келтіре кетті. Екінші спикер ойынға тамаша ребатл жасай білді, үшінші спикері ойынды қорытындылап, өз тобының ұтымды түскен тұстарын атап өтті. Ойынға қазылық жасаған: төрешілер өз пікірлерін білдіріп, оқушыларға тамаға баға беріп, жеңімпазды анықтады. Ойынның жеңімпазы «Жалын» тобы болып анықталды.



21 қыркүйек күні «Не? Қайда? Қашан?» тақырыбында зияткерлік ойын болып өтті.



22 қыркүйек күні Мемлекеттік тілдер мерекесіне орай «Мемлекеттік тіл-менің тілім» тақырыбында фестиваль болып өтті.



Мерекеге орай барлық сыныптарда тәрбие сағаттары болып өтті.

